

2017 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 қазандағы № 340 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 қарашада № 6029 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 485 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 05.04.2018 № 485 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін үш пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота осы қаулының 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 наурыздағы № 170 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5793 болып тіркелген, 2017 жылдың 19 сәуірінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңақорған ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

Ғ. Әміреев

Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2017 жылғы " 24" қазандағы № 340 қаулысына 1 - қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Шалкия Цинк ЛТД" акционерлік қоғамы	333	3	9
2	"СКЗ-У" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	272	3	8
3	"Жаңақорған -Щипажай" акционерлік қоғамы	222	3	6
4	"Қызылқұм" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	362	3	10
5	"Байкен-У"жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	502	3	15
6	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Жаңақорған аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	1447	3	45
7	"Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының " Жаңақорған орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	3	2

Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2017 жылғы " 24" қазандағы № 340 қаулысына 2 - қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының саны (адам)
1	"Жанақорған - транзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	82	3	2
2	"Шипажай "Жаңақорған" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	56	3	1
3	"Шалқия-Бейкен" Компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	3	2
4	"Сункар" шаруа қожалығы	55	3	1

5	"Бақытжан" шаруа ақожалығы	30	3	1
6	"Мырзабай" шаруа қожалығы	20	3	1
7	"Түгіскен" тәжірбие шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	70	3	2
8	Шаруашылық жүргізу құқындағы " Жаңақорған аудандық ветеринариялық станциясы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	116	3	3
9	"Жаңақорған жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	28	3	1
10	"Ынтымақ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	49	3	1
11	"Сарман -Тастақ - Жанакорған" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	13	3	1

Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2017 жылғы "24 " қазандағы № 340 қаулысына 3 -қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан алғандағы квотаның көлемі (%)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтардың жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының саны (а д а м)
1	"Түгіскен" тәжірбие шаруашылығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	70	3	2
2	"Жаңақорған жолдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	28	3	1
3	"Сарман- Тастақ-Жанакорған" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	13	3	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК